

Мұнайгаз саласындағы кәсіпорындардың бюджетке төлемдерінің мерзімін ұзарту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 2 қараша N 1444.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.13. N 431 қаулысымен. ~P980431

Мұнайгаз саласындағы кәсіпорындардың қаржылық жай-күйінің ауыр екенін ескеріп Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"1995 жылы көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 сәуірдегі N 546 қаулысының 1-тармағындағы Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің ауыл шаруашылығы үшін мұнай өнімдерін жіберуді іске асырған және 1995 жылғы бюджетке төлемдер бойынша берешектері бар кәсіпорындарға олардың есеп айырысу есепшотына түскен ақшалай қаражаттың 50 процентін жалақы мен басқа да шұғыл мұқтаждарды төлеуге жұмсау, бұл қаржының қалған 50 процентін бюджеттің есебіне жіберу құқығын беру бөлігінің қолданылуы 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін ұзартылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі